

Астана, «03» қаңтар 2017 жыл

**«АЗАМАТТЫҚ БАСТАМАЛАРДЫ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ» КЕАҚ-Ы
ҮКІМЕТТІК ЕМЕС ҰЙЫМДАР ҮШІН МЕМЛЕКЕТТІК ГРАНТТАРҒА
БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАЙДЫ**

1. Үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласындағы оператор

«Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (арықарай – Орталық) – Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жыл 31 желтоқсандағы №1192 қаулысына сәйкес үкіметтік емес ұйымдарды гранттық қаржыландыру саласы бойынша оператор болып табылатын коммерциялық емес ұйым.

2. Конкурс жөнінде

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы үкіметтік емес ұйымдарға арналған Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, грант және сыйақы туралы» Заңына, ҚР Мәдениет және спорт министрі бекіткен 2015 жыл 25 желтоқсандағы №413, Дін істері және азаматтық қоғам Министрі м.а. жарлығымен редакцияланған 2017 жыл 18 тамыздағы №123 Үкіметтік емес ұйымдарға грант бөлу және оның жүзеге асырылуына мониторинг жүргізу ережесіне сәйкес, ҚР Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі жанындағы Орталық азаматтық бастамаларды қолдап, әлеуметтік саланың дамуындағы өзекті проблемаларды шешуге азаматтық институттар әлеуетін тарту үшін Орталық үкіметтік емес ұйымдарға (арықарай – ҮЕҰ) мемлекеттік гранттар ұсынады.

Мемлекеттік гранттарды алу конкурсына қауқарсыз деп танылған (банкрот), мүлкі қамаққа алынып, қаржылық әркеті тоқтатылған, тарау үдерісінде тұрған ҮЕҰ-дан өзге, гранттарды алу үшін сұраныс жасаған, ҮЕҰ мәліметтер базасында мәліметтері бар ҮЕҰ қатыса алады.

Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрінің 2017 жылғы «28» желтоқсанындағы № 190 «Үкіметтік емес ұйымдарға 2018 жылға грант ұсыну жоспарын Бекіту туралы» бұйрығына сәйкес (арықарай – Бұйрық) төмендегі бөлімдерден тұратын Үкіметтік емес ұйымдарға 2018 жылға грант ұсыну жоспары бекітілді. Жоспар Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының басым бағыттары, Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарына, Қазақстан Республикасы Президенті жолдауына, сонымен қатар, мемлекеттік органдар мен үкіметтік емес ұйымдардың ұсыныстары негізінде жасалынып, келесі тақырыптарды қамтыды: